

"Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 13 маусым N 815

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық
түзеу арқылы қолдау туралы

Осы Заң кемтар балаларды әлеуметтік, медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдаудың нысандары мен әдістерін айқындайды, дамуында кемістігі бар балаларға көмек көрсетудің тиімді жүйесін құруға, оларды тәрбиелеумен, оқытумен, еңбекке және кәсіби даярлаумен, балалар мүгедектігінің алдын алумен байланысты проблемаларды шешуге бағытталған.

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) кемтар балаларды әлеуметтік, медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау - кемтар балаларға тіршілік етудің кедергілерін еңсеру, шектелуін теңгеру жағдайларын қамтамасыз ететін және оларға қоғам өміріне қатысуға басқа азаматтармен бірдей мүмкіндіктер жасауға бағытталған арнаулы әлеуметтік, медициналық және білім беру

қызметтерін көрсететін білім беру, халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі;

2) кемтар балалар - туа біткен, тұқым қуалаған, жүре пайда болған аурулардан немесе заңдарда белгіленген тәртіппен расталған жарақаттардың салдарынан тіршілік етуі шектелген, дене бітімінде және/немесе психикасында кемістіктері бар 18 жасқа дейінгі балалар;

3) психологиялық-медициналық-педагогикалық көмек - балалардың психикалық саулығын тексеру, психикалық кемістіктерін диагностикалау және психикасы мен дене бітімінің дамуында ауытқушылықтары бар балаларды оқыту, тәрбиелеу және емдеу проблемаларын шешу саласында халыққа көмек көрсету;

4) "қатерлі" топтағы балалар - әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау болмаған жағдайда, дамуының кешеуілдеуі неғұрлым ықтимал 3 жасқа дейінгі балалар;

5) дене кемістігі - органының (органдар), дене мүшесінің (мүшелер) дамуының және/немесе жұмыс істеуінің тұрақты бұзылуы;

6) психикалық кемістік - адамның психикасы дамуының және/немесе жұмыс істеуінің уақытша немесе тұрақты кемістігі, оған: сенсорлық бұзылуы, сөйлеу қабілетінің жетілмеуі, сезіну ерік-жігері бұзылуының салдарлары, миына зақым келудің, ақыл-ойы дамуының бұзылуы, соның ішінде ақыл-ой кемістігі, психикалық дамуының кешеуілдеуінің салдарлары және осыған байланысты оқытудағы айрықша қиындықтар жатады;

7) әлеуметтік бейімдеу - кемтар балаларды қоғамдағы құндылықтарды, тәртіп ережелері мен нормаларын бойға сіңіру мен қабылдау, нысаналы әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау процесінде еңбекке даярлау, әлеуметтік орта жағдайына белсенді бейімдеу;

8) арнаулы түзеу ұйымдары - емдеуге және психикалық-педагогикалық түзеуге, диагностикалауға, тәрбиелеуге мұқтаж кемтар балаларға арналған ұйымдар.

2-бап. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы Қазақстан Республикасының заңдары

1. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы Қазақстан Республикасының заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына К951000_ негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттардың осы Заңнан басымдығы болады және халықаралық шартта оны қолдану үшін Қазақстан Республикасының заңын шығару талап етілетін жағдайлардан басқа реттерде, тікелей қолданылады.

3-бап. Қазақстан Республикасының әлеуметтік және
медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау
мәселелері жөніндегі орталық және жергілікті атқарушы
о р г а н д а р ы

1. Халықты әлеуметтік қорғау, азаматтардың денсаулығын сақтау, білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау саласындағы уәкілетті органдар болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау мәселелері жөніндегі орталық атқарушы органдары:

1) кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты айқындауды;

2) өз құзыреті шегінде кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау, медициналық қызмет, арнаулы білім беру және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді қабылдауды;

3) ұйымдардың кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау саласындағы қызметін үйлестіруді;

4) кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдаумен байланысты басқа да мәселелерді шешуді жүзеге асырады.

3. Әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдары:

1) кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етуді;

2) кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдауды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін бақылауды;

3) кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдаудың басқа да мәселелерін жүзеге асырады.

4-бап. Кемтар балаларды әлеуметтік және
медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау

1. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туғаннан басталып, кәмелеттік жасқа толғанға дейін, жаппай кешенді медициналық, психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік тексеру мен кәсіби диагностикалауды жүргізу, оңалтудың жеке бағдарламаларын жасау, медициналық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік қызметтер көрсету және еңбекке баулу

арқылы

жүргізіледі:

1) психологиялық тексеру - кемтар балалардың психикалық жағдайының және психикалық дамуының ықтимал мүмкіндіктерінің ерекшеліктерін айқындау;

2) әлеуметтік тексеру - тиісті жастағы балаларға арналған жас мөлшерінің нормативтерін ескере отырып, денесін игеруінің, жинақылығының, жай қызметпен айналысу қабілетінің, экономикалық дербестігін және қоғамға кірігу қабілетінің шектеулі болуына себеп болуынан туындаған әлеуметтік кемістік дәрежесін айқындау;

3) медициналық тексеру - балалардың тіршілік етуінің шектеулі болуын туындататын жеке органның немесе тұтастай ағза функциясының (функциялары) бұзылуы (болмауы) түрін, қаншалықты ауыр екенін айқындау;

4) педагогикалық тексеру - балалардың тиісті жасына қарап арналған жас мөлшерінің нормативтерін ескере отырып, ақыл-ойының даму ерекшеліктерін және олардың ойын әрекеттеріне, білім алуға және көпшілікпен тіл табыса білуге ықтимал мүмкіндіктерін айқындау;

5) кәсіби диагностика - балалар бойындағы психикалық және/немесе дене кемістігін ескере отырып, олардың еңбек қызметін немесе кәсіптік дағдыларды меңгеруінің және орындауының ықтимал мүмкіндіктерін айқындау;

6) кемтар балаларды оңалтудың жеке бағдарламасы - баланың соматикалық жай-күйінің, психофизикалық төзімділігінің, отбасының әлеуметтік мәртебесінің және әлеуметтік инфрақұрылымының мүмкіндіктері деңгейін болжауды ескере отырып, оның қажеттіліктерінің құрылымына, қызығушылық таныту өрісіне, ұмтылыс деңгейіне сәйкес тұрмыстық, қоғамдық, кәсіптік қызметтерге қабілетін қалпына келтіруге бағытталған медициналық, психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік іс-шаралардың тізбесі.

5-бап. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдаудың мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары

1. Әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдаудың мақсаттары:

1) туа біткен және тұқым қуалаған ауруларды, қалыпты дамуындағы ауытқушылықтарды ертерек (туғаннан) айқындау;

2) балалардың дамуындағы кешеуілдеу мен кемістіктердің алдын алу, мүгедектіктің ауыр түрлерінен сақтандыру;

3) балалар мүгедектігінің деңгейін төмендетуге жәрдемдесу;

4) кемтар балалардың дене, психика, ақыл-ойы және өзге де қабілеттерін теңгеру немесе қалпына келтіру, олардың әлеуметтік құқықтарын іске асыру, қоғамға неғұрлым толығырақ кірігуіне жәрдемдесу.

2. Әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдаудың м і н д е т т е р і :

1) кемтар балаларды анықтау мен оларды есепке алудың бірыңғай мемлекеттік ж ү й е с і н қ ұ р у ;

2) арнаулы білім беретін және арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдар желісін дамыту;

3) кемтар балаларды әлеуметтік бейімдеу;

4) кемтар балалары бар отбасыларын әлеуметтік қолдау;

5) әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдауды жүзеге асыратын ұйымдарды кадрлық, ғылыми және ұйымдастыру-әдістемелік жағынан қ а м т а м а с ы з е т у ;

6) халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім беру ұйымдарының кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау мәселелері жөніндегі қызметін интеграциялау.

3. Әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау мынадай қ а ғ и д а т т а р ғ а :

1) кемтар балалар мен олардың отбасыларына әлеуметтік қолдау және оңалту көмегі бойынша қызмет көрсетудің кепілдігіне;

2) кемтар баласы бар отбасы мен әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдауды жүзеге асыратын ұйымдар мамандарының ынтымақтастығына;

3) мүмкіндіктерінің шектеулі болу дәрежесіне, жасына, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, балалардың ертерек қолдауға және арнаулы білім алуға қол жеткізуіне ж ә н е т е ң қ ұ қ ы л ы ғ ы н а ;

4) әрбір балаға жеке көзқарас болуы мен әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсетуді саралауға негізделеді.

6-бап. Кемтар балаларға медициналық, арнаулы білім беру және әлеуметтік көмек беру қызметтерін көрсететін ұйымдар

1. Медициналық қызметті: ұйымдастыру-құқықтық нысандарына қарамастан, ана мен баланы қорғау ұйымдары, алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету ұйымдары, консультациялық-диагностикалық емханалар, медициналық оңалту ор т а л ы қ т а р ы кө р с е т е д і .

2. Медициналық қызмет көрсетулерге:

1) "қатерлі" топтағы балаларды анықтау мақсатында балаларды жас кезінде жаппай с т а н д а р т т а л ғ а н т е к с е р у ;

2) туа біткен, тұқым қуалайтын және жүре пайда болған дерттерді тереңірек д и а г н о с т и к а л а у ;

3) психикалық және дене бітімі дамуында ауытқушылықтары бар балаларды

медициналық түзеу және оңалту;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес көрсетілетін өзге де қызметтер ж а т а д ы .

3. Кемтар балаларға арнаулы білім беру қызметін арнаулы ұйымдар, оның ішінде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар (бұдан әрі - ПМПК), оңалту орталықтары, бала бақшалары және арнайы түзеу ұйымдары білім беру туралы заңдарға сәйкес көрсетеді.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және бас қала әкімдерінің шешімдерімен ПМПК балалар саны 60 мыңнан асатын қалаларда, оңалту орталықтары республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері аудандық орталықтарда құрылады.

4. Арнаулы білім беру қызметтері:

1) балалардың ақыл-ойы дамуының ерекшеліктерін анықтау және оларды оқыту мен тәрбиелеудің түрі мен нысандарын қабылдау мүмкіндіктерін айқындау мақсатында балаларды тереңірек және кешенді тексеру;

2) кемтар балаларды психологиялық-педагогикалық түзеуді, оқыту мен тәрбиелеуді ерте жасынан, мектепке дейінгі және мектеп жасынан бастау;

3) еңбекке тәрбиелеу, кәсіби диагностикалау;

4) кәсіптік білім беру;

5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес көрсетілетін өзге де қызметтер.

5. Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін ұйымдар: халықты әлеуметтік қорғау мекемелері, протез-ортопедия бұйымдарын жасайтын ұйымдар, техникалық және көмекші құралдарды шығаратын ұйымдар.

6. Арнаулы әлеуметтік қызметтер:

1) Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы заңдарына сәйкес әлеуметтік көмек беру;

2) кемтар балаларды тәрбиелейтін отбасыларына консультативтік көмек көрсету;

3) халықты әлеуметтік қорғау мекемелерінде (интернат үйлері) тұратын мүгедек балаларды оқыту мен еңбекке баулу;

4) әлеуметтік қызметкерлердің қызмет көрсетулері.

Әлеуметтік қызметкерлердің әлеуметтік жұмыстарды жүргізу мен қызмет көрсету тәртібі халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы орган бекітетін ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

7-бап. Психологиялық-педагогикалық консультациялар

1. ПМПК мемлекеттік мекемелер болып табылады, әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдауға айғақтамаларын анықтау, білім берудің түрі мен нысандарын айқындау, оңалтудың жеке бағдарламасын жасау

мақсатында кемтар балаларды диагностикалауды және психологиялық-педагогикалық тексеруді жүзеге асырады.

2. ПМПК медициналық, арнаулы білім беру және арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету үшін кемтар балаларды Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік қорғау, азаматтардың денсаулығын сақтау, білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдарына жібереді.

8-бап. Кемтар балаларға білім беруді ұйымдастыру

1. ПМПК-ның қорытындысына және кемтар балаларды оқытудың жеке жоспарына сәйкес кемтар балалардың үш жастан бастап мектепке дейінгі білім алуға, жеті-он жастан бастап бастауыш және негізгі жалпы білім алуға құқығы бар. Бұл ретте мемлекеттік білім беру бағдарламаларына сәйкес бастауыш және жалпы білім берудің ұзақтығы 10 жылдан аспауы тиіс.

ПМПК-ның қорытындысы бойынша айғақтамалары болған кезде кемтар балаларды тәрбиелеу мен оқыту үйде жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Кемтар балалар "Білім беру туралы" Қазақстан Республикасының Z990389_Заңында көзделген нысандарда білім алуға құқылы. Мемлекет кемтар балаларға кәсіптік даярлауға жәрдемдеседі.

9-бап. Кемтар балалардың құқықтары

1. Кемтар балалардың:

1) әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдауды кепілдікті түрде алуға;

2) мемлекеттік медициналық ұйымдарда, ПМПК-да немесе медициналық-әлеуметтік-сараптау комиссияларында тегін тексерілуге және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тегін медициналық көмек алуға;

3) дене бітімі мен психикасында кемістіктер байқалған сәттен бастап, оның көріну дәрежесіне қарамастан, ПМПК қорытындысына сәйкес тегін медициналық-психологиялық-педагогикалық түзетуді қабылдауға;

4) медициналық айғақтамалары бойынша протез-ортопедия бұйымдарымен және аяқкиіммен, арнайы қарпі бар басылымдармен, дыбыс күшейткіш аппаратурамен және сигнализаторлармен, компенсаторлық техникалық құралдармен Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тегін қамтамасыз етілуге;

5) ПМПК-ның қорытындысына сәйкес арнаулы білім беру ұйымдарында немесе мемлекеттік жалпы білім беретін оқу орындарында білім алуға;

6) мемлекеттік оқу орындарында конкурстық негізде мемлекеттік білім беру бағдарламалары шегінде тегін кәсіптік білім алуға;

7) оқуды бітіргеннен кейін біліміне және/немесе кәсіптік даярлығына қарай еңбек туралы заңдар мен жұмыспен қамту туралы заңдарда белгіленген тәртіппен жұмысқа орналасуға құқығы бар.

2. Бюджеттік қаржыландыру арқылы мемлекеттік тегін білім алу, білім гранттары мен несиелерін алу конкурсына қатысқан кезде көрсеткіштері басқалармен бірдей болған жағдайда, медициналық-әлеуметтік сараптау комиссиясының қорытындысына сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында білім алуға болатын I және II топтардағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер басым құқыққа ие болады.

3. Жетімдер қатарындағы кемтар балалар мен ата-анасының қамқорынсыз қалған, мемлекеттің толық қарауындағы балалар арнаулы білім беру ұйымдарында оқуын тәмәмдағаннан кейін және кәмелеттік жасқа жеткен соң жергілікті атқарушы органдар оларды заңдарда белгіленген тәртіпте тұрғын үймен қамтамасыз етеді.

10-бап. Кемтар балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің құқықтары

1. Кемтар балалардың ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің:

1) баланы ПМПК-да куәландыру кезінде қатысуға;

2) баланы тексерудің нәтижелері, жеке әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдаудың мақсаттары мен нәтижелері туралы дұрыс ақпарат алуға, медициналық көмек көрсетумен, арнаулы білім берумен және арнаулы әлеуметтік көмек көрсетумен айналысатын органдар мен ұйымдарда консультациялар алуға;

3) кемтар балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсету бойынша көзделген іс-шаралардың олардың да балаларына қолдануды талап етуге;

4) мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспарына сәйкес үйде тәрбиелеу мен оқытуға арналған шығындарды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіпте және мөлшерде өткізуге құқығы бар.

11-бап. Кемтар балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің міндеттері

1. Кемтар балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдері заңдарда белгіленген құқықтарынан басқа, өздерінің балаларын бағып-қағуға, тәрбиелеуге, білім беруге, медициналық қаралуды, емделуді қамтамасыз етуге, оларға күтім жасауға, құқықтары мен мүдделерін қорғауға, оңалтудың жеке бағдарламасын іске асыруға қатысуға міндетті.

2. Кемтар балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдері балаларын

күтіп-бағу мен тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін орындаудан жалтарғаны, оларға қатыгездікпен қарағаны, денсаулықтарына зиян келтіргені үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

12-бап. Мемлекеттік статистикалық есеп беру

Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау жөніндегі мемлекеттік статистикалық есептілікті статистика жөніндегі уәкілетті орган қолданылып жүрген заңдарға сәйкес белгілейді.

13-бап. Әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдауды қаржыландыру

Әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдауды қаржыландыру мемлекеттік бюджеттен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де көздерден жүзеге асырылады.

14-бап. Осы Заңның күшіне ену тәртібі

Осы Заң 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолдануға енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.
Қасымбеков Б.А.